

С.М.Досмахов

Причины и значение исторического происхождения географических названий в связи с природой и социальным положением Центрального Казахстана

В статье при помощи данных народных терминологических словарей исследуется топонимическая история Центрального Казахстана. Название региона рассматривается с точки зрения географии. В формировании топонимов очень важную роль играют народные географические термины. Автором был проведен анализ с точки зрения исторической географии в связи с природой и социальным положением Центрального Казахстана. В статье большое внимание уделяется происхождению исторических факторов в формировании топонимики Центрального Казахстана.

S.M.Dosmakhov

The reasons and meaning of historical origin of geographical names in connection with the nature and social status of the Central Kazakhstan

In this article by means of national nomenclative dictionaries considered the toponymic history of the Central Kazakhstan. The name of a region considered from the point of view of geography. In formation of toponyms the most important and key role have national geographical terms. In article it has been lead the analysis from the point of view of historical geography in connection with the nature and a social status of the Central Kazakhstan. The great importance is given to an origin of historical factors in formation of toponymics of the Central Kazakhstan.

ӘОЖ 338.482.2(574.3)

Д.А.Кәдірбаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Орталық Қазақстанда туризмді дамытудың алғышарттары

Орталық Қазақстан — мыңдаған жылдар бойы жүрген тарихи оқиғалардың жері. Сарыарқа даласы ертеде Ұлы Жібек жолының сауда және мәдени ортасының бірі болғанын қазіргі уақыттағы археологиялық қазбалар дәлелдеп отыр. Оған Сарыарқа даласынан табылған үнді-қытай, ортаазиялық заттар дәлел болып отыр. Сарыарқа даласындағы сұлу Қарқаралы, Кент, Қызыларай таулары мен Теңіз, Есіл өзендері, Бетпақдала мен қасиетті Ұлытау жері Сарыарқа даласы деп аталады.

Кілтті сөздер: туризм, масштаб, халық, әлеуметтік сипаты, қоғам, экономика, жиһангерлік, саяхатшылық, мемлекет, даму, тәртіп.

Туризм өзінің масштабтарымен, көпшілігімен, халықаралық және әлеуметтік сипатымен қоғам өмірінің әлеуметтік және экономикалық жағдайларына әсер етеді, ол ғылымның зор көңілін аударып, маңызды қоғамдық-экономикалық құбылысқа айналып, тереңдеп бара жатыр. Туристтік демалысты қайда және қалай ұйымдастыру, саяхаттарға көңілді қалай аударту, туризмде қызықты және пайдалы не бар, ол құбылыс қай экономикалық, әлеуметтік және табиғи себептерге байланысты, адам мінез-құлқының қай мотивтері адамдарға бос уақытын өткізудің осы формасын таңдатады.

Туризмнің шаруашылық саласы ретінде дамуы мемлекеттердің тұрақты даму стратегиясымен тығыз ұласады. Әлеуметтік-экономикалық дамудың каталитаторы болып табылатын бұл күрделі құрылымды сала табиғаттағы экономикалық мақсатта тиімді пайдаланудың негізінде адамдар өмірінің жоғары деңгейін қамтамасыз ете алады. Қазіргі уақытта туризмде ғаламдандыру үрдісі жүріп жатыр, оған Қазақстан да еніп отыр.

Туризмді әр түрлі белгілеріне қарай классификациялауға болады: мақсатына қарай, саяхаттың мерзімі мен ұзақтығына қарай қозғалу түріне, орналасу жолына, саяхатқа қатысушылардың құрамының сапасына және т.б. Бірақ шешуші рөлді атқаратын саяхаттың мақсаты.

Формасы мен кластардан айырмашылығы туризмнің түрлері өте әр түрлі. Олар бірқатар факторларға байланысты, олардың ішіндегі ең айырықшалары:

- бос уақытын болуы мен ұзақтығы;
- жасы, жынысы, денсаулығы, рухани дамуының деңгейі, адамның жеке талғамы және материалдық молшылығы;
- табиғи жағдай мен мезгілдің әр түрлігі;
- қозғалудың мүмкіндіктердің болуы және басқалары [1, 2].

Сапардың мақсатына, шарттарына, бағытына қарай, туризмдері кластарға және түрлерге бөлуге болады.

Қоғамдық функциясы мен өндірістік технологиясына қарай туризмнің үш негізгі түрін бөліп қарауға болады: емдеу, спорттық-сауықтыру, танымдық.

Тұтынушы ретіндегі жалпы халықтың жағдайының жақсаруы, экономикалық өсудің жалғасуы, жұмысшы қауымның бос уақытына деген қарым-қатынасының өзгеруі демалысқа деген тұтынушылық мақсат пен психологияны мүлдем өзгертті. XX ғасырдың 60–70-жылдарының тоғысында «материалдық игіліктерді тұтыну қоғамы – тұтыну – тұтыну үшін» деген пікір қалыптасты. Өндіру рыногын тұтыну рыногы ауыстырды.

Қазіргі дүниеде туризм түрлі елдердің ынтымақтасуында, өзара мәдени игі әсер етуде ерекше рөл атқарады. Туризмнің дамуы халықтың рекреациялық қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймайды, өнеркәсібі дамыған және дамушы елдердің арасындағы әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан маңызды мәселелерді шешуге де пайдасы зор. Туризм ісі дамыған елдердің туризмнен табатын пайдасы экспорттың барлық мөлшерінің 10-нан 35-ке дейінгі пайызын құрайды.

БҰҰ мен ЮНЕСКО 60–70-жылдарда-ақ туризмді дамыту дамушы елдердің ең қиын әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешудің «таңғажайып әсерлі шансы» деп есептеген. Дамушы елдер жаңарып келе жатқан халықаралық туризм рыногына өз ресурстарын шығару арқылы өздеріне қажетті тұрақты валюта табудың, жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етудің, өз экономикасын жұмылдыра білудің жолын тапты [3].

Осылайша, халықаралық туризмнің көмегімен тұтынушылықтың өрісін кеңейтті. Дамып келе жатқан туристік бизнес түрлі ұйымдардың ұлттық аяда ғана емес, әлемдік масштабта бірлесе жұмыс істеуін талап етті. Мұндай ұйым 1898 жылы Люксембургте алғаш рет ұйымдастырылды, ол бірлестік Туристік ұйымдардың халықаралық лигасы деп аталды.

1925 жылы Гаагада Туризмді насихаттайтын ресми ұйымдардың халықаралық одағының бірінші конгресі бас қосып, оның жұмысына Еуропаның 14 мемлекетінің өкілдері белсене атсалысты. Нәтижесінде бұл саладағы алғашқы ұйым — Туризмді насихаттайтын ресми ассоциациялардың халықаралық конгресі құрылды, ол 1927 жылы Ресми туристік ұйымдардың халықаралық конгресі деп аталатын, ал 1930 жылы Туризмді насихаттайтын ұйымдардың халықаралық одағы болып құрылды [4].

Туристік нысандар. Қазақстандағы туристік ресурстарға туристік қызмет көрсету нысандарын қамтитын табиғи-климаттық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру нысандары, сондай-ақ туристердің рухани қажеттерін қанағаттандыра алатын, олардың күш-жігерін қалпына келтіріп сергітуге жәрдемдесетін өзге де нысандар жатады. Олар мәдени-танымдық, экологиялық, спорттық, әлеуметтік, діни, т.б. туризм түрлеріне бөлінеді. Қазақстандағы туристік нысандар табиғи-рекреациялық, тарихи-археологиялық, тәуеп ету, т.б. топтарға бөлінеді.

Табиғи-рекреациялық нысандарға Солтүстік Қазақстан аймағындағы Көкшетау, Бурабай, Баянауыл, Ерейментау, Шығыс Қазақстан аумағындағы Зайсан, Марқакөл, қазақстандық Алтай, Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Батыс, Солтүстік Тянь-Шань, Алтынемел таулары, Жетісу алабы, Батыс Қазақстандағы Үстірт, Мұғалжар, Каспий ойысы, Жайық өңірі, Орталық Қазақстандағы Қарқаралы, Қызыларай, Бектауата, Ұлытау, тағы басқа табиғи нысандар жатады. Тарихи-археологиялық ескерткіштердің туристік-экскурсиялық сапарлардағы орны ерекше. Археологиялық ескерткіштердің кез келген нысандары туристік-экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады.

Республиканың әсем де әдемі жерлерінде бірнеше туристік базалар орналасқан. Орталық Қазақстан аймағына Қарағанды облысы жатады. Әлемдегі ең үлкен көлдердің бірі — Балқаш көлі мен кермет таулы-орманды Қарқаралы оазисі де осында орналасқан. Ұлытау таулары тау туризмінің түрлеріне әуестенушілердің ғана емес, жаратылысы бұзылмаған көркем табиғатты сүйетіндердің де көңілінен шығары сөзсіз.

Сарыарқаның төскейіне төге салған маржандардай сұлу көлдерімен бірге, көне заманнан келе жатқан әсем ормандар, түрлі-түсті формадағы құз, жартастар алыстан көз тартып тұрады. Осындай бір таулардың шатқалында кірер аузы үшбұрыштанып келген үлкен Тас шатыр үңгірі бар. Атақты Мәліксай қойнауында белгілі Үш үңгір бар. Ерте кезде бұл өңірдің орманында аю менен қасқыр жортып, сан алуан құс ұяласа, өлкелерінде тұз тағысы — құлан, керілген кер марал, құлақтарын қайшылап, елендеген ерке елік жайлап, жыртқыштардың әсемі — жолбарыс та жүгірген. Көк таулардың арасынан ерекшеленіп, көз тартып тұратын осы төңіректің ең биік, әсем шыңы, Қарқаралының нышанындай болған бір кездері Жиренсақал, Комсомол шыңы деп аталса, бүгін халық Қарқаралы шыңы деп атайды. Қай жағынан келіп қарасаң да, бұл шың әр түрлі формаға еніп, құбылып, кескін-келбетін өзгертіп тұрады. Аттары бірінен бірі өткен Бұғылы, Шаңкөз, Көктөбе таулары шыңында, жер ананың Қарқарасы сияқты. Қарқаралының оңтүстік-шығысында Кент таулары, ал одан шығысқа қарай Балқантау сілемдері жатыр. Бұғылының басындағы ерекше жаратылған табиғи құбылыс, ол — Шайтанкөл. Бұл көл туралы аңыздар мен өлең-жырлар да көп жазылған. Шайтанкөл — өзінің табиғи жаратылыс ерекшелігімен ертеден әсемдік пен сұлулықты қастерлеген қауымға шабыт берген, құтты мекен. Шайтанкөл бұл өңірде жалғыз емес. Табиғаттың ғажайып бір жаратылысы ол — Бассейн көлі. Биік таудың басында, қабырғалары тіп-тік болып, қолмен қойғандай жартастармен көмкерілген көл, шыңында да табиғи бассейн тәрізді. Шайтанкөл мен Бассейн сияқты көптеген үлкенді-кішілі көлдерді көк таулардың адам аяғы баспаған биік шыңдарында жиі кездестіруге болады. Қарқаралының ең көрікті бір жерінде, көгілдір таулар шатқалында, көпшілікке танымал «Кенші» демалыс үйінің маңында, жарқырап жатқан Самал көлі бар. Бұл көріністі көрген адам өмірі ұмыта алмасы анық. Бұл сияқты адам жанына рахат сыйлайтын айдындар, Үлкенкөл, Жартас, Шортанды көлдері Қарқаралы тауларын көмкере қоршап, ерекше келбет беріп жатыр. Тау сілемін бөктерлей Жарлы өзені ағып жатса, қала ішімен Үлкен және Кіші Қарқаралы өзендері ағады. Самал жел соққан сайларда бабалар суын ішкен Суықбұлақ, Мәліксай бұлағы, Тасбұлақ, Тұнық бұлақтардың мөлдір суы қысы-жазы сарқылмай ағып жатады. Қарқаралы жері табиғатының сұлулығын әлі де көрмеген жерлестеріміз баршылық. Шетелдіктерге таныстырып, көрсету үшін Қарқаралы жерінің табиғаты туралы біздер толық білуіміз керек.

Тарих сырына толы көркем табиғат көрінісін жинаған Ұлытау жері де қазақстандықтардың мақтанышы. «Ұлытау бармай ұлтымды таныдым деме» деген қанатты сөз бар. Ұлытау тек тарихи қасиетті орын ғана емес, қазіргі уақытта туризмді дамытуға қолайлы орындардың бірі болып отыр. Ұлттық мәдениет, туған халықтың әдет-ғұрпы содан бастау алады десек қазақтар үшін сондай ата-баба мекені — Ұлытау болмақ. Ұлытаудың ұлылығы тек атының халық арасында әйгілі болуында ғана емес, ұлт тарихындағы қазақ руларын біріктірген аса ұлы оқиғалар туғызған тарихи мәнділігінде. Кіндік жұрт аталып кеткен, ұлттық сананы қайта өркендеткен өзінің терең тарихымен ғалымдарды, журналистерді, туристерді де тамсандырып отырған осы Ұлытау. Ұлытау — қазақ халқының бесігі көшпелі дала мәдениетінің бастауы. Ұлытау ежелгі даланың көне сырларын ішіне бүккен шежірелі өлке. Ол ежелгі сан алуан әдемі ескерткіштермен кім кімді де тәнті еткен. Өзінің таңғажайып сұлулығымен, құнарлылығымен бабаларымызды ынтықтырған қасиетті жерден палеолит, неолит дәуірлерінің туындыларын, алғашқы адамдардың мыңдаған еңбек құралдарын әр бұлақтың маңынан, көгалды жазықтардан кездестіресіз. Табиғаттың өзі бұл жерге қисапсыз қазына сыйлаған. Айталық, академик Қаныш Сәтпаев Ұлытау даласын Қазақстанның қазынасы санаған. Себебі Менделеев кестесіндегі элементтердің басым бөлігі Ұлытау аймағы қойнауынан табылған. Ұлытау Қазақстанның географиялық орталығы болып саналатындығы өздеріңізге белгілі.

Үш жүздің басын қосқан Ұлытау туралы ғұлама ғалым Қаныш Сәтпаев атамыздың «орыстар үшін Кремль қандай қымбат болса, қазақ үшін Ұлытау сондай бағалы» деп айтқаны бар. Ұлытаудың тарихы одан әлдеқайда тереңде жатыр. Алаша хан, Жошы хан мазарларының, сондай-ақ Басқамыр, Аяққамыр секілді көне қалалардың осы жерде орналасқан. Таңбалы тастар мен 91 бұлағы бар Ұлытау жері туристерді қызықтыра алатыны сөзсіз. Ұлытау — көне тарих сырларын ішіне бүккен шежірелі өлке. Мұнда әр алуан әдемі ескерткіштердің көптігі кім-кімді де тәнті етеді. Мәселен, Қаракөңгір өзені жағасындағы Дүзен мазарына жақын орналасқан палеолит дәуірінен қалған көнекөз шеберхана Қазақстандағы ең ірі де, әйгілі ескерткіш санатында. Тас ғасырының үнсіз куәсі Жетіқоңыр көп жылдардан бері археологтардың назарында. Қола дәуірінің ескерткіштері — елді мекендер, мазарлар мен бегазы-дәндібай мәдениетінің асқақ кесенелері кез келген өзен жағалауынан табылады. Ежелгі патша әулеттері жерленген Айбас дарасы, Үйтас-Айдос, Ақоба, Талдысай обалары көптеген ғалымдар мен

зерттеушілердің ынта-ықыласын ұдайы өзіне аударып отырса, Қорғасын елді мекеніне жақын орналасқан обалар мен Терісаққан өзені жанындағы Қароба, Ақоба екі жарым мың жылдан астам уақыт бойы жолаушылар үшін қиыр далада қағылған қазықтай нақты нысана болып келеді. «Мұртты» қорғандар — Ұлытаудағы таңдай қақтырар көрікті нысандар. Олардың құпиясы әлі күнге беймәлім. Бұларды мазар үстіндегі ескерткіш дейміз бе, әлде ежелгі расытхана дейміз бе, тіпті, осылардың бәрінің басын құрайтын тұлғалы ескерткіш дейміз бе, әйтеуір, бұлардың қай-қайсысы да таңғажайып дүниелер. Классикалық үлгідегі осындай ескерткіштер үнемі шығысқа қарап тұрады.

Ұлытауда сақталған олар сан алуан бағдарымен, пішінімен, санының көптігімен таң қалдырады. Жазық жерлерде орналасқан ғұндар дәуіріндегі әдемі шатқалды қорғандар өзінің асқақтығымен, сұлулығымен көзге түседі. Ежелгі түркі, оғыз-қыпшақтар мәдениетінің ізін де осы жерлерден ұшыратамыз. Арғанаты, Кішітау тауларындағы, Тілеуқабыл дарасы мен Қорғантас шатқалындағы түркінің айшықты тастарымен өрнектелген оба қоршаулары бәз қалпында сақталған. Балбал деп аталатын кейбір сомтастар өрнегінің қатары кей жерлерде 250 м дейін жетеді.

Ұлытаудың ежелгі тұрғындарының металл құю тәсілі — бұдан үш мың жыл бұрын жергілікті тайпалардың мыс, қалайы, күміс, алтынды қазып алып, өңдеп, Иран, Үнді, Грекия, т.б. елдерге шығарғандығының бірден-бір дәлелі. Мұны «тарих атасы» деп жүрген Геродот өз еңбектерінде растап отыр. Қола дәуірінде пайда болған Елуқұдық, Сорқұдық секілді металл өндіру орталықтары кейінгі орта ғасырларға дейін өндірісін тоқтатпаған. Ежелгі шеберлер қолымен тасқа қашалып салынған суреттердің тұтастай галереясы Ұлытаудың өзіндік мәдениетінің көрікті беттерін құрайды. Тіршілік ету, аң аулау бейнелері, ғажайып жануарлар әлемі, ежелгі адамдардың дүниетанымын танытатын суреттер Теректі әулие, Зыңғыртас, Арғанаты таулары жартасында, Байқоңыр, Тамды, Жаңғабыл, Жетіқыз өзендерінің бойларында тұр. Бұл өлке орта ғасырларда «Дешті Қыпшақ» аталған. Оның аумағы кейіннен қыпшақтардың, қимақтардың, ұлы оғыздардың ірі рулық бірлестіктері арасында бөліске түскен. Ұлытау ешқашан бір ғана тайпаның, не бір ғана рудың иелігінде болмаған. Бұл берекелі жер көшпелі тайпа көсемдерінің сүйікті мекені болды, ол қашанда қасиетті әрі киелі қоныс саналған. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының бұл жерді тұрақты қоныс еткені тегін емес. Шығыс Еуропаны тізе бүктірген Бату ханның балалық шағы осы жерде өткен. XIII ғасырда орыс князьдері бейбітшілікті сақтау мақсатында өз балаларын Алтын Ордаға кепілдікке беріп отырған. Осындай мысалдардың бірі ретінде Александр Невскийдің үш жылын Жошы Ордасында өткізгенін көне тарих айтады.

Ұлытау жерінде Шыңғыс ұрпақтарымен байланысты сәулеттік ескерткіштер жетерлік. Бұлар — Жошы, Құтлық-Темір, Болған ана, Құлан ана, Келін там мазарлары. Осы далада, аңызда айтылатындай, Шыңғыс ханға ұлы Жошының өлімін жеткізген атақты «Ақсақ құлан» (XIII ғ.) күйі дүниеге келеді. XIV ғасырда шамамен VII–VIII ғасырларда өмір сүрген түркі руларының негізін қалаушылардың бірі Алаша хан қабіріне мазар тұрғызылды. Ұлытау тауы биігінің бірінде ұлы қолбасшы, саясаткер және шешен, Алтын Орда әмірі Едіге жатыр. Оның аты Алтай, Орал, Солтүстік Кавказ, Қырым және Өзбекстан халықтарының батырлық әңгімелері мен эпостарында сақталған. Алтын Орданың жігерлі ханы Тоқтамысқа да Ұлытаудан топырақ бұйырған. Ұлытау тарихы туралы академик Әлкей Марғұланнның жазуынша, Тұранның ханы Афрасиаб өмірінің соңғы кезін Ұлытауда өткізген. Ақсақ Темір өзінің Ұлытауда болғаны туралы Алтыншоқы тауында тасқа қашап белгі қалдырған. Ұлытаудың ғажайып гранит шыңдары Бұқар ханы Абдоллахты және Құдияр ханның қоқандық жауынгерлерін ұмытқан жоқ. Монғолдардың тұрақты мекені Қарақорымға беттеген ортағасырлық көптеген еуропа және орыс елшілері Ұлытау бұлағының суын ішіп, шөлін басты. Кетбұғы, Керей, Жәнібек, Қасым, Тәуке, Барак, Көшім, Абылай, Әбілқайыр, Ақжол би, Қазыбек би, Кенесары және т.б. тарихи тұлғалардың өмірбаяны Ұлытау атымен байланысты.

Ұлытау таулары алыстан менмұндалап көрініп тұрады. Ең жоғарғы нүктесі — Әулиетау шыңы көне дүниедегі тауға табынудың көрінісі Әлем таудың образын елестетеді. Әулиетаудың образы осы төңіректегі таулардың сақтаушы, қорғаушы киелі нышандарымен түйіндес болуы әбден мүмкін. Табиғаттың өзі бұл жерге қисапсыз қазына сыйлаған. Фирдоуси өз поэма-эпосы «Шахнамада» Ұлытау өңірін әдемі суреттеген. Ұлытаудың ғажайып көріністерін XI ғасырда араб саяхатшысы әл Идриси өзінің қолжазбаларында бейнелеген. Ұлытау жөнінде қазақ халқының ертегісі «Ер Төстікте» де айтылады. Әйгілі Асанқайғы Сарыарқаның көптеген түкпірін аралап, елге құт жерұйық іздегенде, көзіне Ұлытау түскен. Ұлытаудың ең биік тауы — Әулиетауда Асанқайғының бәйбішесі Тана ана жеті әулиелердің бірі болып жерленгені анық. Жазушы Ақселеу Сейдімбек Асанқайғының өзі де осында

жатыр деп жазады. Ғасырдың заманалық мәні бар оқиғасы — адамның ғарышқа ұшуы да Ұлытаумен, ғарыш айлағы — Байқоңырмен байланысты.

Ұлытау өзінің жер бедерімен, терек-қайыңымен Көкшетау, Баянауыл, Қарқаралының шипажай орындарын еске салады. Бұл өңір Қазақстанның тарихи орталығы десек те болады. Қазақтардың Бүкілдүниежүзілік құрылтайында форумға қатысушылар, ең әуелі, қазақ халқының осы қасиетті орнына баруды қалағаны да тегін емес. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев осында Қазақ мемлекетінің қалыптасуындағы Ұлытаудың тарихи рөлін құрметтеп, ескерткіш-белгі орнатуға қатысты. Ұлытау — шын мәнінде географиялық феномен. Терістік дала мен түстік шөлдің арасындағы таулы, ойпаңды бұл өлкенің жол тартып келе жатқан жүргіншілерге қайнары — салқын суын, терегі мен ақ қайыңы көлеңкесін сыйлайды. Ұлытауда жүзіннің көзінде әдемі-әдемі көлдер бар. Көктем сайын Барақкөл, Қоскөл, Ащыкөл, Құркөлдерді Үндістаннан, Жерорта теңізінен, Азия, Африка жағалауларынан оралған құстар мекен етеді. Осы арадан ақбөкендердің де жосылған жолдары кес-кестеп өтіп жатыр. Бүгінгі күні қорықтың 147 мың гектар жеріндегі 300-ден астам тарихи ескерткіш қорғауға алынды. Көшпенділердің үш мың жылдық рухын бойына сіңірген, аты аңызға айналған, ақындар жыр еткен, сан ғасыр адамды еліктіріп, өзіне тартқан Ұлытау өзінің құпияларын ішіне бүгіп, әлі де бүк түсіп жатыр.

Ал туристерге қызмет көрсетудің өркениетті деңгейін қалыптастыру мақсатында қазір ондағы тау бауырайына ағаштан қиылған 26 орынды демалыс үйін, 12 киіз үйден тұратын этноауыл салу және аудан орталығындағы ескі қонақүйді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Туризм географтарды ертеден-ақ өзіне тартты, себебі ол табиғи ортамен, қоғаммен және оның әлеуметтік-шаруашылық іс-әрекеттерімен тығыз байланыста болды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін туристік қозғалыстың қауырт дамуы әр түрлі географиялық пәндердің реттеу жұмыстарын едәуір жылдамдатты. Бұл география ғылымының жаңа мәні — туризм географиясының өз алдына бөлініп шығуына әсерін тигізді.

«Туризм» мен «рекреация» бір түсінік еместігін ескерсек, туризм географиясын қоғамдық география пәні жағынан қарау керек, оның оқу объектісі туризм болады. Рекреациялық география демалыс пен туризм мәселелерін ғылыми географиялық негізінде түсіндіретін жаңа бағыт болды, ол елімізде ХХ ғасырдың 60-шы жылдарының аяғында — 70-ші жылдарының басында ғана география ғылымынан туындаған. Бұрынғы КСРО-да география ғылымында оның негізін қалаушы профессор В.С.Преображенский болды. Кеңістікте болатын туристік құбылыстардың түрі мен оның қатынасын талдау және соған байланысты кеңістікті өзгертетін және қайта жасайтын процестер оның оқу пәнін құрайды. Туризм, басқа да халық шаруашылығы сияқты, бірнеше шағын салалардан тұрады: емдеу, сауықтыру-спорт, танымдық, сондай-ақ ішкі және халықаралық туризмге бөлінеді. Бірнеше басқару органдарының болуы да осыған байланысты, бұрынғы КСРО-да бұлар — Орталық курорттарды басқару кеңесі, Орталық туризм және экскурсия кеңесі, халықаралық жастар туризмнің бюросы — «Спутник», бүкілодақтық акционерлік қоғам — «Интурист» және басқалары. Осындай конструктивті ғылым кешенді зерттеулерге сүйенетін жаратылыс, техникалық, экономикалық және әлеуметтік, табиғи мәселелерді қамтуға туризм географиясының ғана шамасы келеді [2].

Демек, туризм географиясының зерттеу мақсаты — туристік қозғалысты басқарудың теориялық негізін жасау, олардың табиғи, экономикалық, әлеуметтік және басқа да аспектілерін ескеріп отыруы.

Сонымен, туристік география келесі мәселелерді қамтиды: туризмнің түрі мен мезгілдігін ескере отырып, территорияның туризмді дамытуға жарамдылығын; туризмнің территорияға және оның шаруашылық кешенінің қалыптасуына әсерін; территорияда болатын құбылыстар мен процестер туризмнің дамуынан туындайтын және қоғамның шаруашылық іс-әрекетіне тигізетін әсерін. Міне, соған байланысты туризм географиясының алдында біртұтас маңызды міндеттер тұр. Солардың ішінен ең бастысын, біздің көзқарасымызша, 1971 ж. Б.Б.Родоман дәл тауып айтқан: «Географтардың мақсаты — басқа мамандармен қатар рекреациялық ресурстарды анықтау, бағалау және қартаға түсіру бойынша әдістемелерді жасау, территорияны үнемді пайдалану, табиғатты және ландшафттардың рекреация үшін сұлулығын қорғау жөнінде ұсыныстар беру, сонымен қатар демалыс аудандарының типтік модельдерін салу, негізгі түсініктер мен ережелерді құрастыру, рекреациялық география зонасын табу».

Рекреациялық баға беруге табиғи ресурстардан басқа әлеуметтік-экономикалық (тарихи-мәдени объектілер мен құбылыстар, қаржы, қаражат, еңбек және басқалар) ресурстар да жатады.

Практикалық көзбен қарағанда жоспарлап реттеуде туризм географиясында ең маңыздысы — оның жорамалдық функциясы. Туризмді дамыту облысында ең негізгісі — туристік қозғалысқа жорамал жасау. Егер де теорияны одан әрі дамытпаса және туризм географиясының зерттеу әдістерін жетілдіре түспесе, практикалық мәселелерді шешу мүмкін емес. Теорияның даму міндеттерін екі басты бағытта жүргізуге болады:

а) туристік қызмет көрсетуді территориялық ұйымдастыру заңдылығын халық шаруашылығының саласы ретіндегі территориялық-жүйелік құрылымдардың таксономиялық деңгейінде анықтау;

б) туристік-рекреациялық аудандастыруды одан әрі жетілдіру, шарттар мен факторларды зерттеудің заңдылығын және аудандастырудың принциптерін, туристік-рекреациялық білім берудің таксономиялық жүйесін жаңарту [1].

Бұндайда айрықша атап көрсететін жағдай, туризм географиясының теориялық және әдістемелік мәселелерін құрайтын туристік аудандастыру территориялық классификацияда анықтаушы түрі ретінде болып қарастырылады.

«Қазақстан–2030» стратегиялық бағдарламасында еліміздің келешектегі дамуына айқынды бағдар берілгені мәлім. Осы орайда ел экономикасында өсіп-өркендеуіне айтарлықтай үлес қосатын бір сала туризм екеніне бүгінде көз жеткендей. Жиһангерлік және саяхатшылық адамның танымдық көкжиегін кеңейтетін, қазіргі замандағы ғаламат мүмкіншілігі бар, біз әлі толық игере алмаған саланың бірі екендігі баршамызға белгілі. Бүгінгі туризм, яғни жиһангерлік және саяхатшылық, — бұл мемлекет пен қоғамның экономикалық, әлеуметтік дамуының, тұлғаның жан-жақты қалыптасуының маңызды факторы. Сондықтан туристік қызмет көрсету нарығында мүдделі министрліктер мен ведомстволардың, уәкілетті орындардың, туристік компаниялардың, фирмалардың және жеке кәсіпкерлердің күш мүмкіншіліктерін жұмылдыруға, біріктіруге ықпал жасау Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі жұмысының күн тәртібінен берік орын алған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әлиева Ж.Н. Туризмология негіздері. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2004.
- 2 Гуляева В.Г. Организация туристической деятельности. — М., 1996. — С. 96–98.
- 3 <http://tourbina.ru/>.
- 4 <http://dmk.kz/>.

Д.А.Кадирбаева

Развитие туризма в Центральном Казахстане

Центральный Казахстан — это земля, где встречаются тысячелетия. Последние археологические раскопки показывают, что степи Сарыарки были включены в торговую и культурную сферу Великого Шелкового пути. Свидетельством тому служат вещи индо-китайского и среднеазиатского происхождения, найденные в нашей области. От живописных гранитных массивов гор Каркаралы, Кент, Кызылрай на востоке до озера Тенгиз и гор Улытау на западе, от реки Ишим на севере до пустыни Бетпак-Дала на юге простирается широкая степь, которой казахский народ с древних времен присвоил поэтическое имя Сарыарка, что значит «желтый хребет».

D.A.Kadirbayeva

Tourism developments in the Central Kazakhstan

Central Kazakhstan is a land where common goals. Recent archaeological excavations indicate that the steppes of Sary-Arka were included in the commercial and cultural spheres of the Silk Road. Evidence of this is the stuff of Indo-Chinese and Central Asian origin, found in our area, Freely and widely spread the steppes of Sary-Arka: picturesque granite massifs Karkaraly, Kent, Kyzylray in the east to Lake Tengiz and Ulytau mountains to the west of the Ishim River in the north to Betpak-Dala desert in the south stretches the wide steppe, where the Kazakh people since ancient times awarded the poetic name of Sary-Arka, which means «yellow mountain range».